

## Балабақшада "Жанұя жағдайында тұлғаны қалыптастыру" жұмысының жоспары

### Мақсаты:

Баланың жеке тұлға болып қалыптасуына отбасының рөлін арттыру, ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін күшейту.

### Міндеттері:

- Ата-аналарға баланың тұлғалық даму ерекшеліктері туралы түсінік беру;
- Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- Ата-аналармен бірлескен жұмыстар арқылы баланың бойына ұлттық, рухани және адамгершілік қасиеттерді сіңіру;
- Баланың дербестігі мен өзін-өзі бағалауына қолдау көрсету.

## ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

Айы	Іс-шаралар атауы	Мазмұны	Жауаптылар
Қыркүйек	Ашық есік күні: "Бала – біздің бақытымыз"	Ата-аналарды топ өмірімен таныстыру, тұлғалық даму бағыттарын меңгеруші түсіндіру	Топ тәрбиешісі,
Қазан	Ата-аналар жиналысы: "Отбасы – бала тәрбиесінің іргетасы"	Тұлға қалыптастыруда отбасылық тәрбие рөлі туралы баяндама, тәжірибе алмасу	Тәрбиеші, психолог
Қараша	Сауалнама: "Мен өз баламды қаншалықты танымын?"	Ата-аналардың бала тұлғасына әсерін анықтау	Психолог
Желтоқсан	Шеберлік сабағы: "Жанұялық қарым-қатынас – бала айнасы"	Әңгімелесу, отбасындағы мейірімді қарым-қатынас жолдары	Әлеуметтік педагог
Қаңтар	Семинар-тренинг: "Өзін-өзі бағалауды қалай қалыптастырамыз?"	Баланың ішкі сенімін арттыру жолдарын ата-аналармен талдау	Психолог

Айы	Іс-шаралар атауы	Мазмұны	Жауаптылар
Ақпан	Отбасылық шығармашылық кеш: "Менің жанұям – менің мақтанышым"	Ата-ана мен бала арасындағы тығыз байланыс, бірлескен өнер көрсету	Тәрбиеші, музыка жетекшісі
Наурыз	Ата-анамен әңгіме: "Баланы тыңдай білу – тәрбие басы"	Бала тұлғасын құрметтеу, пікірін ескеру жайлы кеңестер	Тәрбиеші
Сәуір	Көрме: "Жанұя – тұлға мектебі"	Отбасылық суреттер, ұрандар, ұлағатты сөздер көрмесі	Барлық топтар
Мамыр	Қорытынды рефлексия: "Бір жыл бірге"	Баланың тұлғалық өсуіне отбасылық әсердің нәтижесін талдау	Әкімшілік, тәрбиешілер

### Негізгі бағыттар:

-  Отбасындағы мейірімділік, махаббат пен сыйластық – баланың ішкі сенімінің негізі;
-  Ашық қарым-қатынас – бала тұлғасының еркін дамуына жол ашады;
-  Ата-ананың үлгі-өнегесі – бала мінезінің қалыптасуында шешуші рөл атқарады;
-  Бірге өткізілген сапалы уақыт – баланың эмоционалды тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

### Қосымша формалар:

- Ата-аналарға арналған памятка: "Бала – айна. Сіз не көрсетсеңіз, соны көреді"
- Психологтан кеңестер бұрышы: "Тұлғаның қалыптасу жолдары"
- Ата-анамен жеке консультациялар